

Ұлтына ұйытқы болған ұлы тұлға (Қазақтың баһадүр батыры Шақшақ Жәнібек Қошқарбайұлының туғанына 325 жыл)

...18 - ғасырдағы тарихи үлкен қайраткер, Жоңғар шапқыншылығына қарсы ондаған жылдарға созылған ұлт - азаттық күрестің белді қаһармандарының бірі - Шақшақ Жәнібек батырдың тұлғасы біздер үшін айрықша ыстық. Халқымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында жан аямай арпалысқан даңқты бабамыздың өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі болары анық.

Осыған байланысты Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен бабамыз – қазақтың баһадүр батыры Шақшақ Жәнібек Қошқарбайұлының туғанына 325 жыл толуына орай «Ұлтына ұйытқы болған ұлы тұлға» атты тарихи көрме ұйымдастырылып, бөлім оқырмандарына библиографиялық шолу жасалынды. Іс – шара барысында Шақшақ Жәнібек Қошқарбайұлының қысқаша тарихы баяндалды. Батыр бабамыз 1693 жылы туған жоңғарларға қарсы күресте даңқы шыққан қазақ батыры. Бұқар жыраудың сөзімен айтқанда, Жәнібек – «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз

дауысты Қазыбек би, Шақшақұлы Жәнібек, Ормандай көп орта жүз, содан шыққан төрт тіректің» бірі. Шыққан тегі – Орта жүздің тайпасынан. Оның есімі кеңінен танымал еді. Сонымен қатар Серікбай Оспанов, Жұма –Назар Сомжүрек, Ақылбек Шаяхметов сынды жергілікті ақын жазушыларымыздың тұлға жайлы ой толғамдары мен жазған кітаптары топтастырылды.

Бұл көрмеден оқырмандар Жәнібек – Тархан жайлы рухани байлық, тарихи деректер алды және ол туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерінің артуына түрткі болғаны сөзсіз. Бұл іс – шара алдағы уақытта жалғасын табады.

